



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

воспитания, Типовые правила организации деятельности семейного детского сада, комплексов «Школа - детский сад», кабинетов коррекции и инклюзивного образования для детей дошкольного возраста //Приказ Министерства образования и науки Республики Казахстан от 28 января 2009 года.

2. Паспорт программы «Балапан» //Программа по обеспечению детей дошкольным воспитанием и обучением «Балапан» на 2010 - 2014 годы.

3. Стратегический план развития Республики Казахстан до 2020 года //Указ Президента Республики Казахстан от 1 февраля 2010 года № 922.

4. Типовые условия работы детских дошкольных учреждений// Профессиональный союз Ver.di.

УДК 37.018.3

БАЛАЛАР ҮЙІНДЕГІ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

Сатыбалдина Макпал Балтабаевна

Mako-siko@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2-курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – М.П.Асылбекова

Қазақстан Республикасы Конституциясының бірінші бабында «адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» біздің мемлекетіміз үшін жоғары құндылық болып табылады делінген. Сондықтан тәуелсіздік жылдарында біздің барлық күш-жігеріміз адамның іргелі құқықтары мен қоғамның барлық мүдделерін жүзеге асыруға бағытталды. Сонымен бірге Қазақстан өзінің адам құқықтары саласындағы халықаралық міндеттемелерінен ауытқымай, Біріккен Ұлттар Ұйымы, «Еуропалық Қауіпсіздік Ұлтымақтастық Ұйымы және басқа да халықаралық ұйымдардың осы бағыттағы күш-жігерлеріне қолдау көрсетіп келеді.

Балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің құқығын қорғау тарихын талдай келе, бала құқығына үлкен үлестерін қосқан мына ойшылдар Ш.Монтескье, И.Кант, Т.Джефферсон адам құқықтарының негізгі ережелерін алғаш рет анықтап, белгілеген. Қазақ ойшылдары Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би және Абай Құнанбаевта адам құқықтарымен бостандықтарын қорғау бағытына үлес қосқан.

Белгілі ағылшын психологы Ллойд Де Моз, еуропалық қоғам тарихының деректерін талдай келе, тұлғаны тәрбиелеу стильдерінің өзгеру ретін көрсеткен :

Бала өлтіру стилі (антикалық кезеңнен б.э.д. IV ғ. дейін). Бұл кезеңде баласын тәрбиелеу не асырау қиындығы туса, оны өлімге тігу заңды құбылыстардың бірі болған. Л.Де Моз ата-анасы балаларына емес, балалары ата-аналарына дастархан басында күту, үй шаруасымен айналысу, бауыр-сіңілілерін бағу сияқты қызмет көрсеткенін атап көрсетеді.

Тастанды стиль (б.э.д. IV-XII ғ.). Бала тәрбиесіндегі эмоциялық салқындық, қатаң жаза, ұрып-соғу дұрыс есептеліп, баласын асыраушыға, шіркеуге, басқа отбасына тәрбиеге беру кеңінен етек алған кезең.

Қосарлас стиль (XIV-XVII ғ.). Л.Де Моз бұл кезеңнің қатаңдықтан біраз арылуын өнердегі «қамқоршы Мария қыз» бейнесінің пайда болуымен байланыстырады. Мұнда әлі де сәби қарсылас ретінде бағаланып, оны қатыгездік арқылы тәрбиелеу жалғасқан. Сол кездегі философтардың өзі баланы саз балшық, пластилинмен салыстырып, баладан қоғамға қажетті бейне жасау керектігін айтқан.

Байланыстырушы стиль (XVIII ғ.). Бұл ата-аналарының балаларына деген қатынасының күрт өзгерген кезеңі. Баласын өз анасы бағады, жүйелі жазалау сөз арқылы әсер етуге алмасты, қорқытулар азайды. Ата-аналар балаларымен жақындасу арқылы ақыл-ойын, ішкі жай-күйін, қажеттіліктерін, ерік-күшін басқаруға тырысты.

Әлеуметтендіруші стиль (XIX-XX ғ. ортасы). Бұл кезеңде ата-аналар балаларын дұрыс жолды таңдауына жаттықтырды. Баланы әлеуметтендірді, жағдайға қатысты бейімделе білуге үйретті. Әлеуметтендіруші стиль фрейдтік «импульстер канализациясынан» скиннерлік бихевиоризмге дейін, кеңестік педагогика (А.С.Макаренко т.б.) және көптеген осы күнгі психолого-педагогикалық концепцияларға негіз болды. Қазіргі кезде бұл стиль психологиялық тренингтерден орын алады.

б) Көмектесуші стиль (XX ғ. ортасынан басталады). Бұл стиль ата-ана мен бала арасындағы тығыз эмоциялық байланысқа негізделген. Л.Де Моз баланың жеке дара қажеттіліктерін түсіну және қанағаттандыруында екі ата-анасының біркелкі араласу қажеттілігін атап айтады. Мұнда табиғат баланы дамушы, күнәсіз пенде деп бағалайды [1].

Қазіргі заманда, қоғам, отбасы мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгездік құбылыстың бар екенін мойындайды және ол үшін қажетті науқандарды қабылдауға даяр. Балалардың әлсіздігі туралы бұрыннан айтылып жүр. Алты жыл бұрын Месопотамияда жетімдердің өз құдайы-қамқоршысы болған. Ата-аналарының қамқорынсыз қалған балалар үшін Ежелгі Греция мен Римде арнайы мекемелер болған. Осы тәріздес мекемелер шіркеулер мен монастырларда құрылып, онда орналасқан жетімдерге және тастандыларға аз ғана қолдау көрсетілген. Өкінішке орай, тәрбиеленушілердің басым бөлігі аштан емес, қызметшілерінің қатыгездігінен мерт болған. Өйткені, жетімдер үйіндегі балалар мен жетімдер қатаң экономикалық қанауға ұшыраған.

Бірінші тарихи құқықтық актілер қатыгездіктің жеке нысандарын немесе балалардың негізгі қажеттіліктерін ескермеу жағдайын қарастырды. «Винчестер статусы» (1224 ж.) бойынша британ қыздарына кішкентай баламен бір керуette жатуға тыйым салынды. Заңды бұзғаны үшін әйелдер ақшалай айып төлеу арқылы жазаланды. Бұл жаза сәби өлімінің көп болуы, яғни ұйқыда жатқан емшектегі сәбилерін аналарының байқаусызда тұншықтыруы нәтижесінде пайда болған.

XIX ғ. Ресейде жетім балалар бай шонжарлар мен қолөнершілердің тәрбиесіне берілген. Тәжірибеде көрсетілгендей балалар асырап алған отбасында туған балаларымен бірлесіп, жақсы өмір сүріп, мамандық алып, өз отбасыларын құрған. Тек, XX ғасырдың басында Ұлыбританиядағы асыраушы отбасыларындағы бала тәрбиесінің жағдайы сынға ұшырағаннан кейін, бала асырап алушы тұлғаларға заңнама арқылы талаптар қарастырылып, асырап алушы отбасыларындағы балалардың жағдайын бақылайтын арнайы инспекторлар құрылды. Ұлыбритания басқа елдер үшін үлгі болды. Төңкерістен кейін кәмелетке толмағандар үшін колониялар желісін ұйымдастырды, ал 30-шы жылдары жетімдер үйінен бас тартып, оларды балалар үйімен ауыстырды.

80-ші жылдардың ортасында ТМД-да экономикалық, саяси және әлеуметтік дағдарысты тудырған проблемалар пайда болды. Аса осал топтар қатарына мүгедектер және балалар жатты. Біздің заманымызда жетімдер үйінің қажеттілігі 80-ші жылдардың аяғы мен 90-шы жылдардың басында туындады. Ғылым мен қоғам балаларға көрсетілетін қатыгездіктің орасан зор екенін мойындады. Бірақ, бұл кезеңде көптеген елдерде зорлық-зомбылықтың барлық нысандарынан балаларды тиімді түрде қорғауға ықпал ететін толық қанды нормативтік құқықтық негіз болмаған еді [2].

Қазақстан Республикасында көп жылдар қатарында бала құқығын қорғауда әлеуметтік жағына көңіл бөлінсе, бүгінгі таңда құқықтық қорғауға ауысып жатыр. Балаларға қатысты мемлекеттік саясат елімізде экономикалық және саяси реформалау жағдайында іске асырылуда, болып жатқан оң өзгерістерге сәйкес балалардың қоғамдағы жағдайын жақсарту жөнінде шаралар қабылданды. Осыған қарамастан әлеуметтік отбасы институты рөлінің құлдырау проблемасы сақталып отыр, теріс өмір салтын ұстанатын ата-аналардың саны өсуде. Мұндай жағдайдың себептері баланың жеке басының адамгершілік-рухани қалыптасуында отбасы рөлінің, сондай-ақ балаларды тәрбиелеуде ата-аналар жауапкершілігінің төмендеуі, материалдық және тұрғын үй-жай қиындықтары, әсіресе жас отбасыларында, мектеп, отбасы және қоғамның өзара іс-қимылының жеткіліксіздігі, отбасы

құндылығы мен отбасы тәрбиесін насихаттаудың осалдығы болып табылады.

Балаларға зорлық-зомбылық көрсету, балаларды пайдаланудың түрлі нысандары, балалардың қараусыздығы мен оларды қадағалаусыздық маңызды әлеуметтік проблемаға айналып отыр. Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың сорақы жағдайлары газеттің бірінші бетінде орын тапса да, бірақ зерттеу нәтижесінде көптеген балалар үшін күнделікті өмірдегі нормалы жағдайлардың бір бөлігі табылатындығы көрсетілді. Зорлық-зомбылықтың көптеген жағдайлары жасырын немесе тіркелмей қалады, сондықтанда проблемалар ауқымы жиі жете бағаланбайды, ал соңғы арнайы статистикалық мәліметтерге жүгінсек: Мәселен:

Дүнтөжіздік денсаулық сақтау ұйымы бағалауы бойынша, 2002 жылы 17 жасқа дейін 53 000 бала өлтірілген;

Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) соңғы бағалауы бойынша, 2000 ж. 5,7 млн. бала мәжбүрлі немесе еріксіз жұмыспен айналысса, 1,8 млн. бала жезөкшелік және порнографияға тартылды, ал 1,2 млн. бала адам саудасының құрбаны болған;

Мектеп деңгейіндегі Денсаулық жағдайына ғаламдық шолу өткізілген кезде соңғы 30 күн бойы мектептегі тіркелген дене жаракатына және дөрекі сөзге ұшыраған мектеп жасындағы балалардың үлесі әр елде 20 %-дан 65 %-ға дейін құраған;

Зерттеуге сәйкес балалар болар-болмас заң бұзушылық үшін бақылау және жазалау мақсатында жиі зорлық-зомбылыққа ұшырайды.

Балаларға қолданылатын зорлық-зомбылық нәтижесі ауырлық дәрежесіне және сипатына тәуелді әртүрлі бола отырып, оның нәтижесі болашақта өте жиі балалар үшін қатерлі болып табылады.

Зорлық-зомбылықтан алған дене, эмоционалдық және психологиялық «тыртықтары» баланың дамуына және денсаулығына, сонымен қатар, білім алу қабілетіне біршама әсер етуі мүмкін. Балалық шақтағы зорлық-зомбылық белгілі бір деңгейде баланың одан кейінгі өмірінде денсаулығына қауіп келтіретін жүріс тұрысына байланысты болып келеді, яғни темекі тарту, ішімдікті және анаша қолдану, дене селқостығы және артық тамақтану. Өз кезегінде мұндай әрекет рак ауруы, депрессия, өзіне-өзі қол жұмсау және жүрек қан тамырлар ауруын қосқанда, өлімдер мен аурулардың дамуының негізгі себептері болып табылады.

Осындай мәселер төмендегі кестеде көрсетілген.

Кесте 1

Қазақстанда бала құқықтарының бұзылу санаттары

Өтініштер санаты	Өтініштер саны	% өтініштердің жалпы санынан
Жеке құқықтардың бұзылуы	73	14%
Әлеуметтік мәселелер	173	33%
Тұрғын – үй мәселелері	28	6%
Денсаулық сақтау мәселелері	44	9%
Білім беру мәселелері	123	24%
Некелік-отбасылық мәселелер	83	16%
Мемлекеттік және жергілікті органдардың заңсыз әрекеттерінен қорғау	-	-
Барлығы:	524	100%

Балалық шақты қорғау саласында көптеген мемлекеттер негізге ала отырып, жұмысын ұйымдастырып отырған халықаралық маңызы бар басты құжат– Бала құқықтары туралы конвенция– халықаралық стандарттағы құқықтық құжат болып табылады. Осыдан жиырма бір жыл бұрын Бала құқықтары туралы конвенция елімізде Қазақстан Республикасы Парламентімен 1994 жылдың 8 маусымында бекітілді. БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясы – әрқайсысы белгілі бір құқықты сипаттайтын 54 баптан тұратын бала

құқықтары туралы құжат.

Ол баланы толық құқықты жеке тұлға ретінде таниды. Конвенцияның негізгі идеясы баланың мүдделерін барынша қамтамасыз етуге негізделеді. Конвенция ережелері негізгі төрт талапқа саяды, олар балалардың тіршілік жасау, өсіп-өну, қорғалу және қоғам өміріне белсене араласуын қамтамасыз ету құқықтарын қамтамасыз етуі тиіс. Конвенцияда балалар ерекше қамқорлық пен көмекке құқылы деп тұжырымдалған.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бала құқығы жөніндегі комитетінің 33-ші арнайы сессиясының ұсыныстары негізінде 2006 жылдың қаңтар айында балалардың құқықтары мен заңды мүддесін қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы *Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті құрылды*. 2007 жылдың қаңтарынан бастап ғылыми-зерттеу, ақпараттық білім беру, мониторингтік және талдау жұмыстарын жүргізу мақсатында *Балалардың құқықтарын қорғау департаменттері жұмыс істей бастады*. Өмірде қиын жағдайға душар болған оқушыларға, студенттерге, ата-аналарға құқықтық, психологиялық көмек көрсету мақсатында балалар құқығын қорғау жөніндегі департаменттер негізінде сенім телефондары құрылды. Департаменттер қызметі ата-аналармен жұмыс істеу, кездесулер өткізу, жалпы мектептік ата-аналар жиналысы, ата-аналарға арналған буклеттер шығару және басқа да көптеген іс-шараларға ерекше назар аударады [3].

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңына сәйкес мемлекет балалық шақты адам өмірінің маңызды кезеңі деп таниды және балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдығына сүйенеді.

Осы Заңның 6 бабына сәйкес балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясаттың мақсаттары мыналар:

1) балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу;

2) балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің негізгі кепілдіктерін нығайту, сондай-ақ құқықтары бұзылған жағдайларда оларды қалпына келтіру;

3) бала құқықтары кепілдіктерінің құқықтық негіздерін қалыптастыру, баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі тиісті органдар мен ұйымдар құру;

4) балалардың дене бітімі, интеллектуалдық, рухани және имандылық тұрғысынан дамуына, олардың бойында елжандылық, азаматтық және бейбітшіл сезімдерді тәрбиелеуге, сондай-ақ баланың жеке адами тұлғасының қоғам мүддесі, мемлекет халықтарының дәстүрлері, ұлттық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне қол жеткізуі үшін мүмкіндіктерін ашуға жәрдемдесу;

5) кәмелетке толмағандардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру жөніндегі нысаналы жұмысты қамтамасыз ету болып табылады.

Балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясат мемлекеттік органдар қызметінің басым саласы болып табылады.

1) баланың құқықтарын заң тұрғысынан қамтамасыз етуге;

2) балаларға толымды тәрбие беруді, олардың құқықтарын қорғауды, оларды қоғамда толымды өмір сүруге дайындауды қамтамасыз ету мақсатында отбасын мемлекеттік қолдауға;

3) аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, балалардың өмірін жақсартуға бағытталған мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттарды белгілеуге және сақтауға;

4) баланың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзғаны, оған зиян келтіргені үшін лауазымды тұлғалардың, азаматтардың жауаптылығына;

5) баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарды мемлекеттік қолдауға негізделген[4].

Баланың отбасында өмір сүру мен тәрбиелену құқығының басымдығын («Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 52-бабы) ескере отырып, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы интернаттық мекемеге орналастыруды отбасылық орналастыру мүмкіндіктерін іздеуді жалғастыруды ескеретін уақытша шара ретінде қарастырылуы қажет [5].

Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңы қабылданған күннен бастап (1998 жылдың желтоқсан айы), 30 мыңнан астам бала асырап алынды. 20 мыңнан астамы – Қазақстан Республикасы азаматтарына, 7 мыңнан астамы – шетелдік азаматтарға, оның ішінде 400-ге жуығы – Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерде тұратын шетелдік туыстарына берілді. Қазақстан Республикасы азаматтарына баланы асырап алуда басымдылық беріледі, яғни олар ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар мәртебесіне ие болғаннан бастап баланы асырап алуға құқығы бар. Халықаралық бала асырап алу баланың отбасында тәрбиелену құқығын қорғау тәсілі ретінде Қазақстанда да дамып келеді. Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын балаларды Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын қазақстандық азаматтарға немесе азаматтығына қарамастан балалардың туыстарына тәрбиелеуге беру мүмкін болмаған жағдайда ғана шетелдіктердің асырап алуына рұқсат етіледі. Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, соңғы жылдары қазақстандық азаматтардың бала асырап алуы 21,9 пайызға өсіп, халықаралық бала асырап алу 17,1 пайызға азаюы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын қорғау мәселелерінде жағдайдың жақсаруы мемлекетіміздің демографиялық проблемаларын шешудің бір жолы екенін атап өту керек.

Балалардың құқықтарын қорғау мамандарының әлеуметтік жетімдіктің алдын алу, азаматтар отбасыларына ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеуге беру, кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жұмыстарын ұйымдастырудың маңызды аспектісі көрсетілген қызметтердің нәтижелілік және тиімділік көрсеткіштерін белгілеу болып табылады. Атап айтқанда, мұндай көрсеткіштер ретінде төмендегілер қарастырылуы мүмкін:

- балалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін немесе олардың тәрбиеленуіне бөгет болатын жағдайдағы анықталған балалар мен әлеуметтік қауіпті жағдайдағы балалар мен отбасылар санының азаюы;

- балалардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төну себебінен ата-аналарынан алынған балалар санының азаюы;

- ата-аналық құқығынан айырылған, ата-аналық құқығы шектелген ата-аналары бар балалар саны мен ата-аналық құқығынан айырылған, ата-аналық құқығы шектелген ата-аналар санының азаюы;

- ата-аналарының ата-аналық құқықтары қалпына келтірілген немесе ата-аналық құқықтарын шектеу алып тасталған ата-аналары бар балалар саны мен ата-аналық құқықтары қалпына келтірілген, ата-аналық құқықтарын шектеу алып тасталған ата-аналар санының артуы;

- туған отбасына қайтып келген балалар санының артуы;

- өздерінің балаларын тәрбиелеу, оқыту мен күтіп-бағу бойынша міндеттерді атқармайтын ата-аналар (өзге заңды өкілдер) санының азаюы;

- балаларға қатаң қарау жағдайлар санының азаюы;

- ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санының және оның өңірде тұрып жатқан барлық балалар санының үлесіне шаққанда кемуі;

- алғаш рет ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар ретінде танылған балалар санының кемуі;

- интернаттық мекемелерде тәрбиеленіп отырған ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санының және оның өңірде тұрып жатқан барлық балалар санының үлесіне шаққанда кемуі;

- Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұратын қазақстандық азаматтар отбасыларына орналастырылған балалар санының және оның ата-анасының

қамқорлығынсыз қалған балалар санының үлесіне шаққанда артуы;

- баланы отбасына орналастыру туралы шешімдерді болдырмау санының кемуі;

- ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы отбасына орналастырғанға дейін оның интернаттық мекемеде болу мерзімінің кемуі;

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған интернаттық мекемелер санының азаюы;

- баланы өздерінің отбасыларына тәрбиелеуге тілек білдірген Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұратын қазақстандық азаматтар санының артуы;

- отбасына қабылдау үшін дайындықтан өткен және баланы өздерінің отбасыларына тәрбиелеуге мүмкіндік беретін қорытындыны алған Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұратын қазақстандық азаматтар санының артуы;

- балаларды асырап алуға келіскен, бірақ перзентханадан (босану үйінен) немесе денсаулық сақтау, білім беру, халықты әлеуметтік қорғау мекемелерінен немесе басқа да ұқсас мекемелерден алуға бас тартқан ата-аналар мен тастанды балалар санының кемуі;

- Қазақстан Республикасында тұрғын үймен қамтамасыз етілген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санының, сондай-ақ оның барлық жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санының үлесіне шаққанда артуы;

- кәмелетке толмағандардың жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтары бұзылу жағдайларының азаюы сияқты т.б. тиісті көрсеткіштер көрсетілген.

Қорыта келгенде тиісті шараны жоспарлауда аталған бағыттағы жұмыс ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды азаматтар отбасыларына орналастыруға қажетті жағдайлардың жасалу шамасына қарай кезең-кезеңімен жүргізілуі міндетті екенін ескеру қажет.

Бала - «қабілеті шектеулі, тәні мен ақыл есі жетілмеген» тұлға болғандықтан, оның әлеуметтік және құқықтық статустарын анықтауда осы тұлғаның әлеуметтік күйі мен жас ерекшелігіне орай сол күйін құқықтық реттеу ерекшеліктеріне негізделетін қосымша нормативтік-құқықтық критерилерге сүйену керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. http://jjpk.perm.ru/_res/fs/file6050.pdf
2. Г.Г.Исмұханова. «Заң алдындағы теңдік: Орта азиядағы Сот әділдігіне қолжетімділік» бағдарлама шеңберінде отбасы және балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша халықаралық тәжірибеге сүйену.- Алматы,-2013.-4 бет.
3. Г.Г.Исмұханова, А.К. Файзуллина (3-ші бөлім). Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның қызметінің негізгі бағыттары (Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия хатшысының көмекші кітабы). Әдістемелік құрал. – Астана: «Агро-издат», 2009. – 208 б
4. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345-ІІ Заңы, Қазақстан республикасы Парламенттінің Жаршысы, 2002 ж. -№17, 154-құжат.
5. «Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 52-бабы, Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 17 желтоқсан №321-І. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж.,-№23

УДК 159.922.6.001.895

КРЕАТИВТІЛІКТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тайболатов Қуандық Момынғазыұлы

Kuandik_94@inbox.ru

Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Педагогика және психология